

Көкпекті аудандық мәслихатының 2014 жылғы 3 сәуірдегі № 22-6/2 "Көкпекті аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 шілдедегі № 37-4/22 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 тамызда № 4090 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2016 жылғы 02 тамыздағы № 5-3/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 02.08.2016 № 5-3/3 шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1 бабының 1 тармағына сәйкес, Көкпекті аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Көкпекті аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Көкпекті аудандық мәслихатының 2014 жылғы 3 сәуірдегі № 22-6/2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3290 тіркелген, 2014 жылғы 25 мамырында № 43 аудандық "Жұлдыз"- "Новая жизнь" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Көкпекті аудандық мәслихатының регламентінде:

7 тармақ жана редакцияда жазылсын:

"7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

аудандық мәслихат хатшысы

Р. Беспаев

